

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series «Philological sciences»
№ 2(84), 2023

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University**

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

**«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series «Philological sciences»
№ 2(84)**

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ХАБАРШЫ
«Филология ғылымдары» сериясы
№2(84), 2023 ж.

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады.

Бас редактор:
филол.ғ.д., проф. С.Д. Абишева

Бас ред. орынбасары:
PhD, аға оқытушы А.А. Найманбаев

Ғылыми редактор:
PhD, қауымд. проф. м.а. Д.А. Сабирова

Редакция алқасы:
филол.ғ.д., проф. А.В. Танжарикова,
филол.ғ.д., проф. Б. Әбдіғазизұлы,
пед.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі
Ф.Ш. Оразбаева,
филол.ғ.д., проф. Н.Ә. Ильясова,
филол.ғ.д., проф. М.Ш. Мусатаева,
филол.ғ.д., проф. Қ.Ө. Есенова,
филол.ғ.к., доц. А.Д. Маймакова,
PhD, аға оқытушы Н.Н. Конкабаева
филол.ғ.к., қауымд. проф. С.А. Жиренов,
филол.ғ.к., доц. М.Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институты С.В. Ананьева,
филол.ғ.д., проф., Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Б.У. Джолдасбекова,
филол.ғ.к., доц., А. Байтұрсынов атындағы Тіл
білімі институты А.М. Фазылжанова,
PhD докторы, проф. И.З. Белобровцева
(Эстония),
филол.ғ.д., проф. Е.В. Казарцев (Ресей),
филол.ғ.д., проф. А.К. Киклевич (Польша),
филол.ғ.д., проф. Г.Л. Нефагина (Польша),
проф. Нонако Сусуму (Жапония),
PhD, проф. Роллберг Петер (АҚШ),
PhD, проф. О.М. Табачникова (Ұлыбритания),
филол.ғ.д., проф. Түркмен Фикрет (Түркия),
филол.ғ.д., проф. Л.Л. Шестакова (Ресей).

Жауапты хатшы:
PhD, қауымд. проф. м.а. С.К. Серикова

Техникалық хатшы:
филол.ғ.к., аға оқытушы М.М. Хавайдарова

© Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университеті, 2023

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№10109-Ж

Басуға 08.09.2023. қол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 13,5 е.б.т.
Таралымы 300 дана. Тапсырыс 3.

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасы

МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENT

ТІЛ БІЛІМІ
ЛИНГВИСТИКА
LINGUISTICS

Alkaya E., Pansat Zh. Etymological basis of the word *kök* in kazakh language 5
Алқая Е., Пансат Ж.М. Қазақ тіліндегі *көк* сөзінің этимологиялық негізі
Алқая Е., Пансат Ж.М. Этимологическая основа слова *kök* в казахском языке

Кабдулова К.Л., Тунгатова Л.Ж. Екіжақты салыстыру принципін іске асыру ("мейірімді" сөзінің мысалында)..... 13
Кабдулова К.Л., Тунгатова Л.Ж. Реализация принципа двусторонности сравнения (на примере слова «милостивый») *Kabdulova K., Tungatova L.* Implementation of the principal of two-sided comparison of the word «merciful»

Түркмен Ф., Саметова Ж.Ш. Түркі халықтарының наным-сенімдерге, түстер мен сандарға қатысты жер-су аттары..... 20
Түркмен Ф., Саметова Ж.Ш. Топонимы тюркских народов, относящиеся к верованиям, цветам и числам *Turkmen F., Sametova Zh.* Toponyms of the turkic peoples related to beliefs, colors and numbers

ӘДЕБИЕТТАНУ
ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ
LITERARY STUDIES

Абишева С.Д., Смайлова Ж.А. Современная наука об интермедиальности как форме расширения литературного поля..... 28
Абишева С.Д., Смайлова Ж.А. Әдебиет аясын кеңейту формасындағы заманауи ғылым интермедиялық жайында *Abisheva S., Smailova Zh.* Contemporary science of intermediality as a form of expanding the literary field

Әбдіғазизұлы Б. Әр дәуірдің өзіне тән шындық бар 32
Абдигазизұлы Б. У каждой эпохи своя правда *Abdigaziuly B.* Each epoch has its own truth

Gierczynska D., Moldagali M. “White” and “black” images in the poetry of M.Makataev..... 37
Герчинска Д., Молдагали М.М. М.Мақатаев поэзиясындағы ақ пен кара түстерінің бейнесі
Герчинска Д., Молдагали М.М. Образы белого и черного цвета в поэзии М.Макаатаева

Казахский национальный педагогический университет имени Абая

ВЕСТНИК

Серия «Филологические науки»
№2(84), 2023 г.

Периодичность – 4 номера в год.
Выходит с 2000 года.

Главный редактор:

д.филол.н., проф. Абишева С.Д.

Зам. гл. редактора:

PhD, ст.препод. Найманбаев А.А.

Научный редактор:

PhD, и.о.ассоц.проф. Сабирова Д.А.

Члены редколлегии:

д.филол.н., проф. Танжарикова А.В.,

д.филол.н., проф. Абдигазизулы Б.,

д.пед.н., проф., член-корр. НАН РК

Ф.Ш. Оразбаева,

д.филол.н., проф. Ильясова Н.А.,

д.филол.н., проф. Мусатаева М.Ш.,

PhD, ст.препод. Конкабаева Н.Н.,

к.филол.н., ассоц. проф. Жиренов С.А.,

к.филол.н., доц., Институт языкознания

имени А. Байтурсынова

Ананьева С.В.,

д.филол.н., проф., КазНУ имени аль-Фараби

Джолдасбекова Б.У.,

к.филол.н., доц., Институт литературы и

искусства имени М.О.Ауэзова

Фазылжанова А.М.,

PhD доктор, проф. Белобровцева И.З.

(Эстония),

д.филол.н., проф. Казарцев Е.В. (Россия),

д.филол.н., проф. Киклевич А.К. (Польша),

д.филол.н., проф. Нефагина Г.Л. (Польша),

проф. Нонако Сусуму (Япония),

PhD, проф. Роллберг Петер (США),

PhD, проф. Табачникова О.М.

(Великобритания),

д.филол.н., проф. Туркмен Фикрет

(Турция),

д.филол.н., проф. Шестакова Л.Л. (Россия),

Ответственный секретарь:

PhD, и.о.ассоц.проф. Серикова С.К.

Технический секретарь:

к.филол.н., ст.препод. Хавайдарова М.М.

© Казахский национальный педагогический университет им. Абая, 2023

Зарегистрировано

в Министерстве культуры и информации РК
8 мая 2009 г. №10109-Ж

Подписано в печать 08.09.2023.

Формат 60x84 1/8. Объем 13,5 уч-изд.л.

Тираж 300 экз. Заказ 3.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Издательство «Ұлағат»

Казахского национального педагогического университета имени Абая

Жумагулова Б.С. Лермонтовские традиции в лирике Н.Рубцова 44
Жумагулова Б.С. Н.Рубцовтың лирикасындағы Лермонтов дәстүрлері

Zhumagulova B. Lermontov's traditions in N.Rubtsov's lyrics

Ибраева Ж.Б., Орынханова Г.А. Идиостиль Агаты Кристи: неповторимая авторская индивидуальность 55

Ибраева Ж.Б., Орынханова Г.А. Агата Кристидің идиостилі: автордың қайталанбас тұлғасы

Ibrayeva Zh., Orynkhanova G. Agatha Christie 's idiostyle: unique author's personality

Тоқшылықова Г.Б., Казтаева А.Қ. Лирикалық проза және Мархабат Байғұттың “Әдебиет пәнінің періштесі” повесіндегі лиризм 61

Тоқшылықова Г.Б., Казтаева А.Қ. Лирическая проза и лиризм в повести Мархабата Байгута “Ангел предмета литературы”

Tokshylykova G., Kaztayeva A. Lyrical prose and lyricism in the story of Marhabat Baiguta “Angel literature”

ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ И МЕТОДИКИ PROBLEMS OF PEDAGOGY AND METHODOLOGY

Атембаева Г.А., Абуова Б.П. Особенности этнокультурного компонента в преподавании русского языка в вузе 66

Атембаева Г.А., Абуова Б.П. Университетте орыс тілін оқытудағы этномәдени компоненттің ерекшеліктері

Atembaeva G., Abuova B. Features of the ethno-cultural component in teaching the russian language at the university

Larionova I., Kapysheva G. Pedagogical conditions of creating podcasts as a means of developing language..... 70

Ларионова И.Ю., Капышева Г.К. Тілді қалыптастыру құралы ретінде подкасттарды құрудың педагогикалық шарттары

Ларионова И.Ю., Капышева Г.К. Педагогические условия создания подкастов как средства формирования языка

АУДАРМАТАНУ ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЕ TRANSLATION STUDIES

Konstantinova O. Transfer of stylistic devices in translation of belles-lettres 78

Константинова О.С. Көркем әдебиет аудармасындағы стилистикалық құралдардың берілуі

Константинова О.С. Передача стилистических приемов при переводе художественной литературы

Abai Kazakh National Pedagogical University
BULLETIN

Chief Editor

Doctor of Philology, Professor **Abisheva S.**

Deputy Chief Editor

PhD, senior lecturer **Naimanbaev A.**

Scientific editor

PhD, Associate Prof. **Sabirova D.**

EDITORIAL TEAM:

Doctor of Philology, Assoc. Professor

Tanzharikova A.

Doctor of Philology, Professor

Abdigaziuly B.

Doctor of Pedagogical Sciences, Professor,

Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan

Orazbayeva F.

Doctor of Philology, Professor **Pyasova N.**

Doctor of Philology, Professor

Mussatayeva M.

Doctor of Philology, Professor **Essenova K.**

Candidate of Philology Science, Associate Professor

Maimakova A.

PhD, Senior Lecturer **Konkabayeva N.**

Candidate of Philology Science, Assoc. Professor

Zhirenov S.

Ph.D. in Philology, Associate Professor, M.O.Auezov

Institute of Literature and Art **Ananyeva S.**

Doctor of Philology, Professor, Al-Farabi KazNU

Dzholdasbekova B.

Candidate of Philology Science, Associate Professor,

A. Baitursynov Institute of Linguistics

Fazylzhanova A.

Doctor of Philology, Professor (Russia)

Bakhtikireeva U.

PhD, professor (Estonia)

Belobrovtsseva I.

Doctor of Philology, Professor (Russia)

Kazartsev E.

Doctor of Philology, Professor (Poland)

Kiklevich A.

Doctor of Philology, Professor (Poland)

Nefagina G.

Master, Professor (Japan)

Nonako Susumu

PhD, Professor (the USA) **Rollberg Peter**

PhD, Professor (the UK) **Tabachnikova O.**

Doctor of Philology, Professor (Turkey)

Turkmen F.

Doctor of Philology, Associate Professor (Russia)

Shestakova L.

Executive Secretary

PhD, Associate Prof. **Serikova S.**

Technical Secretary

Candidate of Philology Science, Senior Lecturer

Khavaidarova M.

©Abai Kazakh National Pedagogical University,
2023

Registered in the Ministry of Culture and Information
of the Republic of Kazakhstan

8 May 2009 No10109-Zh/Ж

Signed in print 08.09. 2023.
Format 60x84 1/8. Volume 13,5
teaching and publishing lists.
Number of copies 300. Order 3.

050010, Almaty, Dostyk avenue 13, Abai KazNPU

Publishing House "Ulagat" of the Abai Kazakh
National Pedagogical University

Якимова М.В. Особенности ритмики ранних переводов
«Евгения Онегина» на белорусский язык..... 84

Якимова М.В. "Евгений Онегиннің" белорус тіліндегі
ерте аудармалары ырғағының ерекшеліктері

Yakimova M. Features of the rhythm of the early translations
of «Eugene Onegin» into the Belarusian language

ЖУРНАЛИСТИКА

ЖУРНАЛИСТИКА

JOURNALISM

Кадырова Г.Р., Адибаева Ш.Т. Глобальные и локальные
тренды журналистики: контент и стилеобразующие фак-

торы..... 100

Кадырова Г.Р., Адибаева Ш.Т. Журналистиканың жа-
һандық және жергілікті трендтері: мазмұн және стиль
факторлары

Kadyrova G., Adibayeva Sh. Global and local trends in
journalism: content and style-forming factors

Біздің авторлар..... 106

Наши авторы

Our authors

4. Elleström L. *Beyond media borders, volume 1: Intermedial relations among multimodal media.* – Springer Nature, 2021. – С. 246.

5. Baetens J., Sánchez-Mesa Martínez D. *Literature in the expanded field: intermediality at the crossroads of literary theory and comparative literature //Interfaces. Image Texte Language.* – 2015. – №. 36. – С. 289–304.

6. Абишева С.Д. *Поэтический мир М. Мақатаева.* – Алматы, 2018.

7. Нысаналин А. *Ғашық өмір // Мақатаев М. Соғады жүрек: Өлеңдер, поэмалар. Екі томдық.* – Алматы, 1982. Т. II.

Reference:

1. Isagulov N. *Istoriya plagiata, ili O korovakh i iskusstve.* – CreateSpace, 2013.

2. Isagulov, M. (2019). *Intermedialnost kak zontichnyi termin: popytka klassifikatsii. Kultura Slova*, 28–39. <https://doi.org/10.32743/2658-4085.2019.1.2.26>

3. Ryan M. L. *Narrative as virtual reality 2: Revisiting immersion and interactivity in literature and electronic media.* – JHU press, 2015.

4. Elleström L. *Beyond media borders, volume 1: Intermedial relations among multimodal media.* – Springer Nature, 2021. – S. 246.

5. Baetens J., Sánchez-Mesa Martínez D. *Literature in the expanded field: intermediality at the crossroads of literary theory and comparative literature //Interfaces. Image Texte Language.* – 2015. – №. 36. – S. 289–304.

6. Abisheva S.D. *Poeticheskii mir M. Makataeva.* – Almaty, 2018.

7. Nysanalin A. *Fashyq өmir // Мақатаев М. Соғадy zhүрек: Өлеңдер, poemalar. Eki tomдық.* – Almaty, 1982. T. II.

МРНТИ 17.09.91

10.51889/2959-5657.2023.84.2.005

Б. Әбдіғазизұлы¹

¹Филология ғылымдарының докторы, профессор,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы., Қазақстан,

ӘР ДӘУІРДІҢ ӨЗІНЕ ТӘН ШЫНДЫҚ БАР

Аңдатпа

Бұл мақала ұлттық көркемсөз өнеріміздегі “алыптар тобының” өкілі Ғабиден Мұстафин шығармашылығын қарастыруға арналған. Нағыз өмір шындығы, халық тағдырының белгілі бір тарихи кезеңдегі шынайы көрінісі болған, сол кездегі тұрмыс-тіршілігін шыншылдықпен жеткізген шығармаларына шолу жасалды. Ғылыми мақаланың мақсаты – Ғабиден Мұстафин кейіпкерлерінің бойынан адамгершіліктің, іскерліктің, жауапкершіліктің, нағыз еңбек адамына тән қасиеттердің, өзара қарым-қатынастағы адалдықтың осы тәрізді небір үлгілерін көрсету. Зерттеудің өзектілігі сан тарау психологиялық тартыстар, әлеуметтік қақтығыстарды көрсету арқылы жазушының шығармашылығын зерттеумен расталады. Мақалада ғылыми мәселенің дамуына үлес қосылды, яғни қаламгердің әр шығармасында ең алдымен туған халқының шынайы өмірі, тарихи тағдыры көрінуі, оның болашаққа, жаңалыққа, жақсылыққа деген қуатты ұмтылысының сомдалуы, қарапайым да қаһарман еңбек адамының тұлғасы мүсінделуі, бұл жұмыстың теориялық маңыздылығы мен жаңалығын негіздейді. Практикалық құндылығы мақаланың материалдарын курстарда, әдебиетті зерттеу факультативтерінде, филология ғылымдарының қазіргі заманғы мәселелерінде және т.б. пайдалану мүмкіндігіне байланысты.

Түйін сөздер: қаламгер, заман шындығы, дәуір тынысы, суреткер, психологиялық тартыс, мәңгілік қозғалыс.

Абдигазиулы Б.¹

¹доктор филологических наук, профессор,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г. Алматы, Казахстан

У КАЖДОЙ ЭПОХИ СВОЯ ПРАВДА

Аннотация

Статья посвящена рассмотрению творчества Габидена Мустафина, представителя Национального художественного искусства. В ней дано исследование произведений, которые являлись олицетворением реальной жизни и отражали подлинную судьбу народа в конкретную историческую эпоху, правдиво передавали быт того времени. Цель научной статьи – показать изображение высоких образцов нравственности, профессионализма, ответственности, т.е. тех качеств, которые присущи настоящему трудовому человеку. Габиден Мустафин в своих произведениях дает правдивое изображение жизни простых людей. Актуальность исследования заключается в изучении творчества писателя через выявление психологических и социальных конфликтов. Статья вносит вклад в развитие важной научной проблемы изучения художественного наследия Г.Мустафина, в котором каждое произведение отражает реальную жизнь, историческую судьбу родного народа. В них воплощено сильное стремление писателя к будущему, к новым открытиям и добру. Показана личность простого и героического человека труда. Предложенный автором статьи ракурс исследования составляет ее теоретическую значимость и новизну. Практическая ценность обусловлена возможностью использования результатов статьи на курсах по истории казахской литературы и теории литературы, а также на факультативах по литературе. Статья вносит бесценный вклад в развитие и изучение актуальных вопросов современной казахстанской филологической науки.

Ключевые слова: писатель, реальность времени, дыхание эпохи, художник, психологическая борьба, вечное движение.

Abdigaziuly B.¹

¹Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan
¹doctor of philological sciences, professor

EACH EPOCH HAS ITS OWN TRUTH

Abstract

The article is devoted to the consideration of the work of Gabiden Mustafin, a representative of the National Art. It contains a study of works that were the personification of real life and reflected the true fate of the people in a specific historical epoch, truthfully conveyed the life of that time. The purpose of the scientific article is to show the image of high standards of morality, professionalism, responsibility, i.e. those qualities that are inherent in a real working person. Gabiden Mustafin in his works gives a true picture of the life of ordinary people. The relevance of the research lies in the study of the writer's creativity through the identification of psychological and social conflicts. The article contributes to the development of an important scientific problem of studying the artistic heritage of G. Mustafin, in which each work reflects the real life, the historical fate of the native people. They embody the writer's strong desire for the future, for new discoveries and goodness. The personality of a simple and heroic man of labor is shown. The perspective of the research proposed by the author of the article constitutes its theoretical significance and novelty. The practical value is due to the possibility of using the results of the article in courses on the history of Kazakh literature and literary theory, as well as in electives in literature. The article makes an invaluable contribution to the development and study of topical issues of modern Kazakh philological science.

Keywords: writer, reality of time, breath of the epoch, artist, psychological struggle, eternal movement.

Кіріспе. Ұлттық көркемсөз өнеріміздегі “алыптар тобының” өкілі Габиден Мұстафин жөнінде бүгінге дейін аз жазылған жоқ. Әдебиеттану ғылымының көшін бастаған академик ғалымдарымыздан жас талап сыншыларға дейінгі әралуан буындағы зерттеушілер Габиден шығармашылығының қыры

мен сырына зерделей үңіліп, зерлі ойларын сан рет ортаға салып келеді. Әйтсе де қашанда заман талабын тақырып етіп, халқының қилы тағдырын қалтқысыз бейнелеуді мұрат тұтқан Мұстафин сынды мұхиттай терең қаламгердің барлық мұрасы туралы айтылар сөздің бұлағы сарқылды деп тұжырым жасауға ешқашан болмаса керек.

Бойлаған сайын тереңдей беретін, сол тереңінің түбінен ерінбей іздеген жанға небір жауһар, жақұттарын тергізетін суреткер шығармашылығы осынау мәңгілік процестің, “тапсам, танысам” деген үздіксіз ізденіс пен қозғалыстың басты себепкері бола бермек. “Қолмен жасалған өнер дүниесінің ішінде ең ұзақ жасайтыны, өмір бейнесін толық қамтитыны, адам жанына әсерлісі әдебиет. Таулар бұзылады, сулар суалады, тас болат үйлер құлайды, бүкіл қауым алмасады, жақсы әдебиет сонда да өлмейді, жүздеген жылдар өмір сүреді, өткен қауымның, дәуірдің бейнесін кейінгілерге жеткізеді”, - деп [1,230] өзі жазғандай, алпыс жылдан астам уақыт өнердің осынау ең қиын да мәртебелі саласының қажымас сарбазы болған қаламгер өзінің әрбір қадамында, әр туындысында қасиетті қалам өнеріне адал болды. Жазушының қоғам алдындағы да, келешек ұрпақ алдындағы да міндетін айқын түсінді. Түсіне тұрып, өз заманының қилы-қилы талаптарын көңілінің сүзгісінен өткізіп, жүрегінің қалауымен көмкеріп отыруға тырысты, ресми талап пен рухани қажеттілік сияқты кей тұстарда бірімен бірі үйлесе бермейтін ұғымдарды өзіне тән мәнерде мәмілеге келтіріп, қашанда тазалық пен әділдікті ту еткен қаламының ұшымен өрнектей білді. Ғабиден Мұстафиннің көркем эстетикалық пайымдаулары мен қаламгерлік шеберлігі де осы арада көрінді. “... сөз – ойдың айнасы. Айнаның, әрине, жақсы жаманы бар. Қайсысы болса да барды көрсетеді, жоқты көрсете алмайды. Түптеп келгенде, шығарманың тағдырын шешетін ой. Ой деген қисапсыз көп, шексіз үлкен. Сол көптің ішінен таңдай білсе, сол үлкеннің шетінен бойына шақтап ала білсе, жазушы сәтті бір адым алға басқаны”, – деп [1,377] жазушының өзі айтқандай, өз заманының шындығын адал жырлаған шынайы шығармалар, міне, осындай парасат иесінің қаламынан туды.

Әдістеме. Өз заманының шындығы жазушының басты тақырыбы болды. Қаламгердің қай шығармасын алып қарасақ та, сол дәуірдің тіршілік-тынысы сезіледі. Ол өзі өмір сүріп отырған қоғамның ішкі, сыртқы табиғатындағы сан алуан өзгерістердің мәні мен сырын терең түсіне білді. “Кеңес өкіметі” деп аталған сол бір қоғамдық құрылыстың, коммунистік идеологияның талаптарын қабылдап, құйтырқы саясаттың “тілін таба” отырып, айналасындағы тарихи шындықты бейнелеу арқылы туған халқының тағдыры жайында толғанды. Жазушы шығармашылығын жан-жақты зерттеген академик Серік Қирабаев оның шығармаларының қазақ халқының тарихи тағдырын бейнелеуде жана құбылыс болғанын атап көрсетсе, ғұлама қаламгер кезінде “Ғабиденнің шығармашылық жолына көз салып болжағанда, көңілге жақсы жұбанышты ой салатын үлкен елеулі бір жай бар. Онысы ең алдымен, бұл жазушының айнымастан, ұдайы бүгінгі күнгі үлкен өмірмен нық байланысты еңбек етуінде,” – деп өз бағасын берген болатын. [2,378]

Қаламгердің әр шығармасында ең алдымен туған халқының шынайы өмірі, тарихи тағдыры көрінді, оның болашаққа, жаңалыққа, жақсылыққа деген қуатты ұмтылысы сомдалды, қарапайым да қаһарман еңбек адамының тұлғасы мүсінделді. Бір кездегі колхоздастыру науқаны, кеңес өкіметінің орнауы мен орнығуы, таптық күрестер тұсындағы ауыл адамдарының, қарапайым колхозшылардың, шаруашылық және өндіріс басшыларының, кеншілер мен егіншілердің, басқа да еңбек адамдарының жазушы қаламымен сомдалған образдарын автордың дәл осындай өмірдің қатаң талаптары мен халық тағдырының нәзік иірімдерін шебер үйлестіре білуінен туған тамаша қазына деуге болады.

“Ғабиденнің ойлы көзі өз замандастарының жарқын тұлғасын жасаумен, олардың парасатты еңбегін суреттеумен шектеліп қалмайды. Ол ылғи алға қарап отыратын, болашаққа болжам жасайтын. Бұл – оның арманшылдығының, қоғамдық дамудың беталысын аңғара білетін көрегендігінің белгісіндей еді.” [3,204]

Әдеби процесс – үздіксіз қозғалыс, жанды организм. Оған да өмір сүретін орта, тыныстайтын ауа, қуат алатын нәр керек. Ғабиден сынды ғұлама қаламгерді жалынан ұстатып, үйіріп ала кеткен әдебиеттің асау арғымағы үшін мұндай орта кеңес қоғамы болды. Идеология ұсынған басты нысана “коммунизм” атты болашаққа жету болса, әдебиеттің сол тұстағы «міндеті» советтік шындықты, социализмді, партияны, кедей табын жырлау болды.

Нәтижелер. Бүкіл ғұмырын осы қоғамның тұсында өткізген Ғ.Мұстафин және оның замандас, қаламдастары да осы ақиқаттан аттап кете алмайтын еді. Алғашқы туындыларынан бастап Ғабиден де тап тартысын, қоғамдық құрылыстың жетістіктерін жыр етті, ондағы болашаққа ұмтылған еңбек адамдарының бейнесін сомдады.

Шығармашылық жолы жөнінде мәлімет беретін бірқатар мақалаларында осынау жайлар туралы

Ғабиденнің өзі де жазады. “Менің ешбір шығармам әлде қалай туған емес. Толғанудан, арманымнан туды”, – дейді жазушы.”[4,277] Талғампаз суреткердің қалам ұшынан тамған бұл шындығы кез-келген жазушыға өшпес сабақ болатыны анық.

Өмірінің соңына дейін Ғабиден осы нысанасын жоғалтпады. Туған әдебиетінің кем-кетігін толтырып, олқы тұсын орнықтыруға ұмтылды. Жаңа тақырыптарға барды, жаңа кейіпкерлер бейнесін сомдады. Оның қаламынан қазақ әдебиетінде тұңғыш рет жұмысшы тақырыбын көтерген “Өмір мен өлім” романының, алғашқы болып еңбек адамының ұмтылысын жаңаша сипаттаған “Шығанақ” романының, жаңалыққа, жақсылыққа деген ерен құлшыныс сипатын өрнектеген “Миллионердің” жазылуында, міне, дәл осындай сырдың жатқаны анық.

Сол кездегі өмір ағымы тұрғысынан алып қарағанда мал соңында жүріп, қыс қыстауда, жаз жайлауда бытыраңқылау өмір кешкен қазақ үшін бірлесіп ұйым құрудың, ұжымдық еңбекке аяқ басудың тарихи мәні зор болғаны ақиқаттың ақиқаты дерлік. “Шығанақта” суреттелетін осы процестің барысында сан тарау психологиялық тартыстар, әлеуметтік қақтығыстар да мол болды. Жазушы осының бәрін нақты айшықтап береді.

Ғабиден бейнелеген өмір жағдайларының “кеңестік өмір шындығы” деген жылтырақ айдарын алып тастап көрінізші. Нағыз өмір шындығы, халық тағдырының белгілі-бір тарихи кезеңдегі шынайы көрінісі болып шыға келмей ме? Жазушы, міне, дәл осы шындықты бейнеледі, халқының сол кездегі тұрмыс-тіршілігін шыншылдықпен жеткізді.

Тартыс - көркем шығарманың тынысын түзеп, жүрегін соқтыратын қуатты құрал. Оның астарында ілгерілеу де, даму да, бір сөзбен айтқанда, мәңгілік қозғалыс жатыр. Үздіксіз өмір көшінің өзі жақсы мен жаманның, ескі мен жаңаның, ақ пен қараның қарама-қайшылығы мен күрес-тартысынан тұрмай ма? Ғабиден Мұстафин шығармаларының тамырына осылайша қан жүгіртіп, оның кешегі мен бүгінгінің арасындағы алтын көпірге айналуына да, міне, осындай күш, қайнаған өмірдің өз қазанынан алынған шынайы тартыс себеп болды. Әсіресе ескі мен жаңаның тартысын бейнелеу Ғ.Мұстафин заманындағы көркем әдебиетке таңылған қатаң талап еді. Осы талаптың үрдісінде “Миллионер” дүниеге келді.

“Шығанақты” бітіріп, жарыққа шығарғанымша ауыл өмірі алға кетіп қалды. “Миллионер” романында мен енді өмірдің алдын орамақ болдым. Шынымды айтайын, бұл романдағы миллионер колхозды, жоғары білімді председательді ол кезде көрген де, естіген де емеспін, – деп ағынан жарыла жазады Ғабиден Мұстафин. - Болжаумен жаздым.” [4,278].

Өзі айтып отырғандай, Ғабиден Мұстафин әрдайым қоғам дамуының әрбір қадамын жіті зерделеп, сол арқылы ілгеріге көз жіберумен болады. Ең бастысы, оның шығармаларында халық өміріндегі алға басушылық, даму, өсу бірінші кезекте көрініп отырады. Мәселен, “Шығанақта” суреттелетін шаруашылық басқару мен іс жүргізудің әдіс-тәсілдері бірте-бірте қауқарсыз болып қалғанын, оның орнын өміршең жаңа тәсілдің алмастырғанын жазушы “Миллионерде” айқын бейнелейді. Ендігі жерде колхозды құр тәжірибеге сүйеніп ескіше басқаруға болмайды. Жаңа тыныс керек, оқыған, білімді басшылар қажет. Және де заман ағымымен ілесе жеткен электрлендіру, механикаландыру, мал тұқымын асылдандыру тәрізді толып жатқан жаңа мүмкіндік көздеріне орын беріп, соларды ел игілігіне жарата білу қажет. Әрдайым жаңаны көруге, жақсылыққа қуануға бейім Ғабиден Мұстафин “Миллионердегі” жас маман, білімді басшы Жомарттың образы арқылы, міне, осы идеяны алға тартады.

Талқылау. “Қоғамдық өзгерістер заманында жалпы жаңғырулар легінде адам еңбегінің де жаңа сапаға көтерілгенін, өмірдің ілгері басуын түсінген Ғабиден, шын мәнінде, жаңаны тез көргіш, аңғарғыш жазушы болды.” [5, 135]

Ескі мен жаңаның алмасуы – өмірдің заңы, табиғат дамуының негізгі қағидасы. Ол – мәңгілік құбылыс. “Миллионердегі” Жақыптың орнына Жомарттың келуі де, міне, осы өмірлік ақиқаттың жемісі.

Жомарттың бойында болашақты мегзеген қасиеттер мол. Ол қолда барды ғана қанағат тұтып, азын-аулақ табысқа мастанатын жігерсіз кейіпкер емес. Оқыған, білімді, әр нәрсеге көзі ашық жас ұрпақтың өкілі. Сонымен бірге ол өз ойын дәлелдей алатын, ойындағысын орындай білетін іскер азамат. Колхоздың бұрынғы басшылығының жоспары бекіп кеткеннен кейінгі жас маманның әрекетінде осындай іскерлік анық байқалады. Оның мақсаты төрағаның орындығына отыру емес, шаруашылықты ілгері бастыру, сол арқылы халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту. Кейінірек колхоздың тізгінін өз қолына алғаннан бастап ол шаруашылықты ғылыми негізде басқару идеясын батыл көтеріп, істі жаңаша талаптар негізінде жүргізуге бағыт ұстайды. Ауылға әртүрлі машиналар әкелу, электр желісін тарту, асыл тұқымды мал өсіру сияқты толып жатқан игі істердің сыртында ол ауыл адамдарын жаңаша еңбек тәртібіне тәрбиелейді.

Тұтастай алып қарағанда, “Миллионердегі” Жомарт қай заманға да керек нағыз іскер, білімді, парасатты басшы болып шыққан. Оқиға өткен уақыт пен кеңістік өлшемдері кеңес өкіметінің тұсына сәйкес келіп тұрғаны болмаса, Жомарттың бойындағы қасиеттер бүгінгі күндердің де талабымен үндесіп жатқанын атап айтқан жөн. Өз мүддесін халықтың мүддесінен жоғары қоятын, мақсаттарына жету жолында небір пасық әрекеттерге бой алдыратын бүгінгі күннің кейбір азаматтарын көргенде көз алдына еріксіз Жомарттардың бейнесі келетіні ақиқат.

Жомарт және оның айналасындағы Жанат, Алма, Ахмет, тағы басқа кейіпкерлер арқылы шығармада халықтың тұрмыс-тіршілігіндегі ілгерілеушілікті ғана емес, адамдар санасындағы жаңаға, жаңалыққа бетбұрысты аңғартады жазушы. Рас, кеңестік өмір шындығының көрінісі ретінде кей тұстарда автордың романтикалық суреттеулерге, алыс ауылдағы талапкер сазгер Алманың бір ғана шығармасы арқылы сонау Мәскеудің Үлкен театрының сахнасына шыға келуі сияқты эпизодтарға да орын беріп қалатыны жасырын емес.

Шығарманың бас кейіпкері Жомарт өзінің алдына қойған мақсатына адал, үнемі еңбек үстінде жүреді. Айналасындағыларды да жаңа іске бекем жұмылдыра біледі. Еңбектерінің жемісті болатынына сенімі мол. Түптеп келгенде, бұл қасиеттер бүгінгі басшының, тіпті қай заманның болсын іскер адамының бойында болса дейтін тамаша сипаттар емес пе? Кей тұста басшы адамның бойынан өз ісіне деген шынайы қатынасты, адалдық пен ықыласты, жауапкершілікті көре алмай қалсақ, не болмаса, басқарып отырған ұжымын қырық ру етіп, жік-жікке бөліп, бей-берекет тірлікке жол беретін жетекшіні кездестірсек тағы да бір кезде Ғабиден Мұстафин сомдаған, мыңдаған оқырманның ойында жатталып қалған Жомарттардың образы қайта жаңғырып, санамызда жарқ ете түсетіні сөзсіз.

“Миллионердегі” Жақыптың бейнесінде де ерекше салмақ, салихалылық бар. “Қолымда билік тұр екен” деп жөнсіз күреске бармайды, күш көрсетпейді. Ол - қарсыласын қанша құптамай тұрса да артық сөзге бармайтын ақылдың, сабырдың адамы. Әрекетіне қарасаң ішкі ойы арқылы ол болашақты да біршама бағдарлайтын тәрізді. Жанат екеуінің арасындағы қысқа әңгіме кезіндегі қызынын: “Көнсеніз де, көнбесеніз де абырой алмассыз. Жомарт жоспары шытырманы көп, оқусыз адамды шатастыратын жоспар. Көнсеніз, шатасасыз. Көнбесеніз айып арқалап жалғыз қаласыз. Менімше, осы абыройлы күнде басқа жұмысқа ауысқан жөн болар”, – деген [6,266-267] орынды да нақ сөзінен кейінгі Жақыптың жан дүниесі осыны аңғартқандай.

“...Жақып тербелмелі креслода тербеле тыңдап, қалғып кеткендей көзін жұмды. Ұйқы қашып, ат соғып қажыған дене, шын тыныстады ма, әлде ойға батты ма Жанат айыра алмады. Ажым айғыздаған әкесінің ескі бетін анықтап көріп, сол ажымның әр сызығын бір ұзақ жолға балады. “Кім үшін, не үшін кешті осы ауыр жолдарды? Жаны шағылмаған жас ұрпақ бағалауымыз керек...” – деп өзі де бір терең ойға түсіп кетті. Тамылжыған бөлме тым-тырыс. Аяз қысып анда-санда терезе сырт-сырт етеді. Тенбіл шұбар бала мысық құйрығымен ойнап жүр. Алдыңғы бөлмеде жұмыстан қайтқан Ырысжанның аяғының тықыры естіледі. Жақып әлден уақытта орнынан қозғалмастан, көзін баяу ашыңқырап:

– Темір де тозады. Тозған шығармыз, – деді.

– Жарылқаса жаңаны да көрерміз. Арыз жаз! Босанам. Дем алам...”[6,266]

Осы жолдарда сан тарау өмір жолдарынан өткен тәжірибесі мол Жақыптың мінез-құлқы, күрделі психологиясы шебер бейнеленумен қатар, оның болашаққа, жаңаға, жастарға деген сенімінің ұшқыны да жылт еткендей болады.

Жақыптың қызы Жанат та кеңес өкіметі тұсында өмірге келген, соның идеологиясымен тәрбиеленген жас ұрпақтың өкілі. Шығармада ол өзінің әкесіне қарсы топтың ішінде жүреді. Бірақ жазушының суреттеуіндегі Жанаттың іс-әрекетінде Павлик Морозовтардікі секілді әкеге деген бітіспес дұшпандық жоқ. Бәрі де өмірдегідей. Жанат ескі мен жаңаны жалғастырушы, жарастырушы бейнесінде есте қалады. Ол - ненің де болса әділ төрелігін айта білетін қайратты ұрпақтың өкілі.

Ғабиден Мұстафин кейіпкерлерінің бойынан адамгершіліктің, іскерліктің, жауапкершіліктің, нағыз еңбек адамына тән қасиеттердің, өзара қарым-қатынастағы адалдықтың осы тәрізді небір үлгілерін көреміз. Жазушы ең алдымен адам бейнесін, еңбек адамының образын сомдады.

“Шындық деген әрқилы ғой, – дейді Ғабиден Мұстафиннің бір кейіпкері.

– Түпсіз терең жүректе жарқыраған шындық бар. Айтуға тіл күрмеледі.”

Дәл осы сөздердің астарында бірқатар терең сыр жатқандай көрінеді. Автордың ішкі цензурасы байқалады. Шындықты жазып отырған жазушының да “тілі күрмелетін” тұстары жоқ емес. Бәлкім, кеңестік өмір шындығын жырлай отырып, жазушы болашақтағы тәуелсіз ел өмірінің елесін, біздің бүгінгі тіршілігіміздің тынысын сезінді ме екен? Сезінген де болар. Бірақ ол сезімін ашуға келгенде жазушының қолы байлаулы. Көңіл алаңдайды, тіл күрмеледі.

Қорытынды. “Ғабиден Мұстафин – қазақ әдебиетінің жетекші жанры – роман түрлерін қатыптастырып, дамытуда өлшеусіз зор еңбек сіңірген жазушы. Ол өз заманының тарихи кескінін шыншылдықпен, ерен көркемдік қуатпен, шын, адал жүрегімен суреттеді. Ол суреттегендері бүгіндер аса көрнекті қаламгеріміздің көкірегі жарып шыққан өсиет аманатындай оқылады.”[7, 282]

“Көз сәулесінен көңіл сәулесі күштірек”, – деп ғұлама Ғабиденнің өзі айтқандай, ұлттық сөз өнерімізде бұрынғы-соңғы дүниеге келген, келетін қазыналарымызға шын мәніндегі жанашыр көзбен қарап, көңілдің сәулесін түсіріп, шынайы бағалай білгенге не жетсін!

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Ғ.Мүсірепов, Ғ.Мұстафин. Әдебиет туралы//Классикалық зерттеулер: көп томдық.–Алматы: Әдебиет әлемі, 1- том 377*
2. *М.Әуезов. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1985, 18-том 378 б]*
3. *С.Қирабаев. Өмір тағылымдары. – Алматы: Білім, 2006.–480 бет.*
4. *Ғ.Мұстафин. Ой әуендері// Классикалық зерттеулер: көп томдық.– Алматы: Әдебиет әлемі, 1-том, 424 б*
5. *С.Қирабаев. Ұлт тәуелсіздігі және қазақ әдебиеті: әдебиеттік зерттеулер, сын мақалалар, естеліктер, – Алматы: Жібек жолы, 2011. – 596 б.*
6. *Ғ.Мұстафин. Бес томдық шығармалар жинағы. V том, – Алматы: Жазушы, 1983.230 бет)*
7. *Қазақ әдебиетінің тарихы. 8-том. – Алматы: ҚазАқпарат, 2004 520 б*

References:

1. *Musirepov G., Mustafin G. Adebiet turaly//Klassikalyq zertteuler: kop tomdyq. – Almaty: Adebiet alemi, 1-tom, 377 b.*
2. *Auezov M. Jyirma tomdyq shygarmalar jinagy. – Almaty, 1985, 18-tom, 378 b.*
3. *Qirabaev S. Omir tagylymdary. – Almaty: Bilim, 2006. – 480 bet.*
4. *Mustafin G. Oi auenderi// Klassikalyq zertteuler: kop tomdyq. – Almaty: Adebiet alemi, 1- tom, 424 b.*
5. *Qirabaev S. Ult tauelsizdigi jane qazaq adebieti: adebiettik zertteuer, syn maqalalar, estelikter, – Almaty: Jibek joly, 2011. – 596 b.*
6. *Mustafin G. Bes tomdyq shygarmalar jinagy. V tom, – Almaty: Jazushy, 1983.230 bet.*
7. *Qazaq adebietinin tarihy. 8-tom. – Almaty: QazAqparat, 2004, 520 b.*

MPHTI 17.82.10

10.51889/2959-5657.2023.84.2.006

Gierczynska, D.¹, Moldagali, M.²

¹*Pomeranian University in Slupsk, Slupsk, Poland*

²*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

¹*dr.hab., professor, danuta.gierczynska@apsl.edu.pl;*

²*PhD Candidate, lecturer, mmoldagali@list.ru*

**“WHITE” AND “BLACK” IMAGES
IN THE POETRY OF M. MAKATAEV**

Abstract

In this article were considered two monochromes “white” and “black” in the poetic texts of Mukagali Makataev, who is a famous Kazakh poet, writer and translator of the 60s and 70s of the 20th century. A quantitative and qualitative methods of analysis were used, a frequency dictionary of color images was developed based on the material from the poetry collection “МҰҚАҒАЛИ (MUKAGALI)” (2012). In addition, a detailed semantic and structural analysis of two monochromes was conducted to determine their role and the way in which the color semantics are represented: as main or additional elements. The generalized structural and semantic analysis revealed that Makataev uses these images as a contrast between darkness and lightness, comparing them and being indecisive in choosing a color. Black and white colors form thematic blocks such as animate/inanimate nature, the theme of moral choices, the theme of creativity, motherland, and love. Both colors reveal in their own way the theme of love and the theme of death through different images.

БІЗДІҢ АВТОРЛАР

Алкая Еркан – Фырат университеті, филология ғылымдарының докторы, профессор, Елязыг, Түркия, ealkaya16@gmail.com

Пансат Жансая Мусилхановна – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, филология мамандығының 2 курс докторанты, 94_jansaya@mail.ru

Кабдулова Карлыгаш Лекеровна – Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, филология ғылымдарының докторы, профессор, e-mail: lastochkanao@mail.ru

Тунгатова Галия Жолдыбаевна – Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, аға оқытушы

Константинова Ольга Сергеевна – **Торайғыров Университеті**, гуманитарлық ғылымдар магистрі, аға оқытушы, samaya_schastliv@mail.ru

Түркмен Фикрет – Еге университеті, филология ғылымдарының докторы, профессор, Измир, Түркия

Саметова Жаңагүл Шыңғысханқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, PhD доктор, аға оқытушы

Абишева Сауле Джунусовна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, филология ғылымдарының докторы, профессор, s.abisheva@mail.ru

Смайлова Жадыра – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 1 курс докторанты, smailova_zhadyra@list.ru

Әбдіғазизұлы Балтабай – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, филология ғылымдарының докторы, профессор

Герчинска Данута – Слупск қаласындағы Помор университеті, Слупск, Польша, хабилизациялық доктор, профессор, danuta.gierczynska@apsl.edu.pl

Молдағали Мадина Бауыржановна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, докторант, оқытушы, mmoldagali@list.ru

Жумагулова Бакытгуль Сакеновна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, филология ғылымдарының докторы, доцент, bakitgul@inbox.ru

Ибраева Жанарка Бакибаевна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, **igb1006@mail.ru**

Орынханова Гибадат Аманжоловна – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, қауымдастырылған профессор м.а., **gibatat_o@mail.ru**

Токшылықова Гульназ Базарбаевна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, аға оқытушы

Қазтаева Айымжан Қанатқызы – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, 2-курс магистранты

Якимова Мария Владимировна – «Жоғары Экономика мектебі» ұлттық зерттеу университеті, Мәскеу, Ресей

Атембаева Гульнар Айдашевна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті докторант, g.atembaeva@gmail.com

Абуова Бибижан Паркуловна – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, аға оқытушы

Ларионова Ирина Юрьевна – Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, cotedazur.riviera@mail.ru

Капышева Гульнар Кыдырбековна – Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, филология ғылымдарының кандидаты, профессор, gulnarkapysheva@mail.ru

Қадырова Галина Рабиковна – Сәтпаев Университеті, филология ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор, g.kadyrova@satbayev.university

Адибаева Шолпан Тимуровна – Кенжеғали Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, adibaeva13@mail.ru

НАШИ АВТОРЫ

Алкая Еркaн – Университет Фират, доктор филологических наук, профессор, Елязыг, Турция, ealkaya16@gmail.com

Пансат Жансая Мусылхановна – Южно-Казахстанский университет имени М.Ауезова, докторант 2 курса филологии, 94_jansaya@mail.ru

Кабдулова Карлыгаш Лекеровна – Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, доктор филологических наук, профессор, e-mail: lastochkanao@mail.ru

Тунгатова Галия Жолдыбаевна – Казахский университет международных отношений и мировых языков имени Абылай хана, старший преподаватель

Константинова Ольга Сергеевна – Торайгыров Университет, магистр гуманитарных наук, старший преподаватель, samaya_schastliv@mail.ru

Туркмен Фикрет – Университет Еге, доктор филологических наук, профессор, Измир, Турция

Саметова Жаңагүл Шыңгысхановна – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, доктор PhD, старший преподаватель

Абишева Сауле Джунусовна – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, доктор филологических наук, профессор, s.abisheva@mail.ru

Смайлова Жадыра – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, докторант 1-го курса, smailova_zhadyra@list.ru

Абдигазилулы Балтабай – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, доктор филологических наук, профессор

Герчинска Данута – Поморский университет в Слупске, хабилитированный доктор, профессор, Слупск, Польша, danuta.gierczynska@apsl.edu.pl

Молдагали Мадина Бауыржановна – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, докторант, преподаватель, mmoldagali@list.ru

Жумагулова Бакытгуль Сакеновна – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, доктор филологических наук, доцент, bakitgul@inbox.ru

Ибраева Жанарка Бакибаевна – Казахский национальный педагогический университет им. Абая, кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, igb1006@mail.ru

Орынханова Гибадат Аманжоловна – Казахский национальный женский педагогический университет, и.о.асс.профессора, gibadat_o@mail.ru

Токшылыкова Гульназ Базарбаевна – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, старший преподаватель

Казтаева Айымжан Канаткызы – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, магистрант 2 курса

Якимова Мария Владимировна – Национальный исследовательский университет «Высшая школа экономики», Москва, Россия

Атембаева Гульнар Айдашевна – Казахский национальный педагогический университет им. Абая, докторант, g.atembaeva@gmail.com

Абуова Бибижан Паркуловна – Казахский национальный педагогический университет им. Абая, старший преподаватель

Ларионова Ирина Юрьевна – Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, кандидат педагогических наук, профессор, cotedazur.riviera@mail.ru

Капышева Гульнар Кыдырбековна – Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова, кандидат филологических наук, профессор, gulnarkapysheva@mail.ru

Қадырова Галина Рабиқовна – Сатпаев Университет, кандидат филологических наук, асс. профессор, g.kadyrova@satbayev.university

Адибаева Шолпан Тимуровна – Университет Международного бизнеса имени Кенжегали Сагадиева, кандидат филологических наук, доцент, adibaeva13@mail.ru

OUR AUTHORS

Alkaya Ercan – Firat University, Doctor of Philological sciences, Professor, Elazig, Turkiye, ealkaya16@gmail.com

Pansat Zhansaya – M.Auezov South Kazakhstan University, 2st year doctoral student of Philology, 94_jansaya@mail.ru

Kabdulova Karlygash – Kazakh University of the International Relations and World Languages named by Abylai Khan, Doctor of Pedagogical sciences, Professor, e-mail: lastochkanao@mail.ru

Tungatova Galiya – Kazakh University of the International Relations and World Languages named by Abylai Khan, Doctor of Pedagogical sciences, Professor,

Konstantinova Olga – Toraighyrov University, Master of Humanities, Senior Lecturer, samaya_schastliv@mail.ru

Fikret Turkmen – Ege University, Doctor of Philology, Professor, Izmir, Turkey

Zhanagul Sametova – Abai Kazakh National Pedagogical University, PhD, senior lecturer

Abisheva Saule – Abai Kazakh National Pedagogical University, doctor of philological sciences, professor, s.abisheva@mail.ru

Smailova Zhadyra – Abai Kazakh National Pedagogical University, PhD student 1st year, smailova_zhadyra@list.ru

Abdigaziuly Baltabay – Abai Kazakh National Pedagogical University, doctor of philological sciences, professor

Gierczynska, Danuta – Pomeranian University in Słupsk, Słupsk, Poland, dr.hab., professor, danuta.gierczynska@apsl.edu.pl

Moldagali Madina – Abai Kazakh National Pedagogical University, PhD Candidate, lecturer, mmoldagali@list.ru

Zhumagulova Bakytgul – Abai Kazakh National Pedagogical University, doctor of philological sciences, associate professor, bakitgul@inbox.ru

Ibrayeva Zhanarka – Abai Kazakh National Pedagogical University, Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, igb1006@mail.ru

Orynkhanova Gibadat – Kazakh National Women's Teacher Training university, Candidate of Philological Sciences, acting Associate Professor, gibadat_o@mail.ru

Tokshylykova Gulnaz – Abai Kazakh National Pedagogical University, senior lecturer,

Kaztayeva Aiyimzhan – Abai Kazakh National Pedagogical University, 2nd year master's student

Yakimova Mariya – National Research University Higher School of Economics, Moscow, Russian Federation

Atembayeva Gulnar – Abai Kazakh National Pedagogical University, doctoral student, g.atembaeva@gmail.com

Abuova Bibizhan – Abai Kazakh National Pedagogical University, Senior Lecturer

Larionova Irina – East-Kazakhstan University named after Sarsen Amanzholov Candidate of Pedagogical Sciences cotedazur.riviera@mail.ru

Kapysheva Gulnar – East-Kazakhstan University named after Sarsen Amanzholov Candidate of Philological Sciences, gulnarkapysheva@mail.ru

Kadyrova Galina – Satpayev University Candidate of Philological Sciences Associate Professor, g.kadyrova@satbayev.university

Adibaeva Sholpan – UIB named after Kenzhegali Sagadiyev Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, adibaeva13@mail.ru